

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір ауданы Саркөл ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 11 тамыздағы № 16 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 тамызда № 4493 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Саркөл ауылдық округінің әкімінің 2016 жылғы 12 ақпандағы № 6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Саркөл ауылдық округінің әкімінің 12.02.2016 № 6 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күші жойылды деп танылсын).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Темір аудандық аумақтық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 10 тамыздағы № 14-01/151 ұсынысы негізінде Саркөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ**

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ұсақ мүйізді малдарының арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты Саркөл ауылдық округінің Құмсай ауылы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Саркөл ауылдық округінің әкімі

К. Шалманов